

*Оразалиева Эльмира Нұрланқызы  
Назарбаев Университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

## **ТІЛДІК ЖАДЫ – ЭТНОТАНЫМДЫҚ ФЕНОМЕН, ҰЛАҒАТТЫ ЖАДЫГЕРЛІК ҰҒЫМ (Ә. ҚАЙДАР ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

### **Түйіндеме**

Уақыт пен заман талабына сай, тілді жоғары адамзаттық құндылық ретінде бағалау, оны антропологиялық танымның, этникалық жадының құралы деп сипаттау Ә. Қайдар зерттеулеріне негіз болар өзгешеліктер қатарын құрайды. Ғалым “тіл әлемін» “Адамтану», “ Қоғамтану”, “ Табиғаттану” салаларының қалыптасуына негіз ете отырып, тілдік құралдар арқылы жасалатын “бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету” керек деп есептеді. Нәтижесінде тілдік жадының негізінде, білім мен тәжірибе арқылы жиналған қор глоттогенез бен этногенез мәселелерін шешуге көмектесетін “этностың өзін танып-білуінің қайнар көзі” деп қабылданды. Тарихи, салыстырмалы, экстралингвистикалық зерттеулердің негізінде ғалым жеке ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен шебер ұштастыра отырып, тіл тарихын тереңнен зерделеді. Тілші қабылдауында тілдік бірліктер жалқы мен жалпының үйлесімді жалғасы, этногенездік әрі жаһандық пәлсапаның нәтижесі деп танылды.

**Түйін сөздер:** тілдік жады, антропологиялық таным, тіл әлемі, лексикалық жүйе, морфологиялық құрылым, глоттогенез, этногенез

*Orazaliyeva Elmira Nurlanovna  
Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

## **LANGUAGE MEMORY - ETHNIC-COGNITIVE PHENOMENON, HISTORIOGRAPHIC CONCEPT (BASED ON A. KAYDAR'S WORKS)**

### **Abstract**

A feature of A. Kaydar's research is the ability to analyze language from the perspective of high human values, as an instrument of anthropological cognition and ethnic memory. Studying the “world of language” through the principles of “human studies”, “social studies”, and “natural studies”, the scientist emphasizes the importance and necessity of using “valuable sources”. As a result, it is believed that the basis for solving problems of glottogenesis and ethnogenesis is the linguistic foundation, the product of language memory, a set of knowledge and experience. Based on historical, comparative, and extralinguistic factors, the linguist skillfully combined national and cultural values with universal axiological norms. In the scientist's perception, linguistic units are considered as a logical continuation from the particular to the general, as a result of ethnogenesis and the global philosophy of being.

**Keywords:** linguistic memory, anthropological cognition, the world of language, lexical system, morphological system, glottogenesis, ethnogenesis

*Оразалиева Эльмира Нурлановна  
Назарбаев Университет, город Нур-Султан, Казахстан*

## **ЯЗЫКОВАЯ ПАМЯТЬ – ЭТНОКОГНИТИВНЫЙ ФЕНОМЕН, ИСТОРИОГРАФИЧЕСКОЕ ПОНЯТИЕ (НА ОСНОВЕ ТРУДОВ А. КАЙДАРА)**

### **Аннотация**

Особенностью исследований А. Кайдар является возможность анализа языка с позиции высоких человеческих ценностей, как инструмента антропологической когниции и этнической памяти. Изучая «мир языка» сквозь принципы “человековедения”, “обществоведения”, “природоведения”, ученый подчеркивает важность и необходимость использования “ценных источников”. В результате полагается, что в основе решения проблем по глоттогенезу и этногенезу лежит лингвистический фонд, продукт языковой памяти, объема знаний и опыта. На основе исторических, сравнительно-сопоставительных и экстралингвистических факторов лингвист умело сочетает национально-культурные ценности с общечеловеческими аксиологическими нормами. В восприятии ученого языковые единицы рассматриваются как логическое продолжение от частного к общему, как результат этногенезиса и глобальной философии бытия.

**Ключевые слова:** языковая память, антропологическое познание, мир языка, лексическая система, морфологический строй, глоттогенез, этногенез

## **Кіріспе**

Жады – адамның өзі мен өзін қоршаған әлем туралы хабарларды есінде сақтауының, танымдық және ментальды көзқарастарға негізделген тәжірибе мен білімді жинақтауының әрі жан-жақтан келіп түсетін мәліметтерді реттеп жүйелеуінің когнитивті қабілеті. Адамның санасы мен ақыл-ойының функциялары осы көрген-білген, естіген-сезінген деректерді дер кезінде қолданып отыру арқылы жүзеге асатындықтан, аталмыш термин оның сөйлеу әрекеті кезіндегі алуан түрлі әсерлері мен білімдерін қайта жаңғыртар, оларды тілдік қатынаста не болмаса ойлау әрекетінде қолдана білер әрі хабар өңдеуге қатысар аса керек қорларын жинақтауға көмектесетін қабілеттерді сипаттауға мүмкіндік берді. 1969 ж. когнитивтік ғылым енді дүниеге келе бастағанда, Дж. Миллер жадының алты түрлі моделін айқындай отырып, олардың психология мен психолингвистика негіздерін саралаудағы маңызына тоқталды. Дәл сол жылы А. А. Леонтьев жады табиғатын толық ашып көрсету мүмкін емес деген тұжырым жасай отырып, оның себебін екі мәселемен түсіндірді: 1) деректердің молдығымен; 2) теориялық жақтан бірізділіктің жоқтығымен [1; 177]. Нәтижесінде жады болмысын анықтауға бағыттылған талпыныстардың көптігі және құрылымдық фактордың тың ізденістерге жол ашқандығы байқалып, хабар мен оларды өңдеу жүйелері алғашқы шепке шыға бастады. Ғылыми ізденістерде жадының когнитивтік өзгешелігін зерттеу қажеттігіне мән беру көзделді. Осыған орай, жады туралы толық мәлімет алу үшін, жалпы когнитивтік ғылым хақындағы жұмыстармен, адамзат санасының танымдық ерекшелігін қарастырар әдебиеттермен әрі когнитивтік және эксперименталды психология саласында жарық көрген басылымдармен танысу керектігі де назардан тыс қалған жоқ. Уақыт пен заман талабына сай, тілді жоғары адамзаттық құндылық ретінде бағалау, оны антропологиялық танымның, этникалық жадының құралы деп сипаттау Ә. Қайдар зерттеулеріне негіз болар өзгешеліктер қатарын құрайды. Тарихи, салыстырмалы, экстралингвистикалық зерттеулердің негізінде ғалым жеке ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық аксиология ұғымдарымен шебер ұштастырған. Тіл тарихын тереңнен зерделеген тілші қабылдауында тілдік бірліктер жалқы мен жалпының үйлесімді жалғасы, этногенездік әрі жаһандық пәлсапаның нәтижесі деп танылуда. Осыған орай, ғалымның “ұлт – тіл – таным” мәселелерінің сабақтастығынан бастау алған ғылыми идеясы, шын мәнінде, тіл ғылымының, оның теориялық ілімдерінің басты өзегін құрап отыр.

## **Әдістеме**

Бүгінде баланың танымдық дамуын, түсінік пен пайым ұғымдарын, хабарды өңдеу амалдарын, когнитивтік психология мен лингвистика мәселелерін қарастырар ғылыми-теориялық аспектілердің барлығы дерлік жады ұғымымен байланыстырылады, себебі зерттеушілер жадының алуан түрлі типтерін анықтау барысында қайшылықтар жүйесінің де орын алатынын талдау нысаны етті. Айталық, Ч. Осгуд ортақ жүйке жүйесінің құрылғысын айқындай отырып, лексикон, оператор, буфер ұғымдарына тоқталып, оларды жадының түрлері деп сипаттады. Ғалым лексиконды жадының “қор жинау” бөлімін құрайтын көрсеткіш ретінде емес, динамикалық дамуын айғақтайтын құрал есебінде бағалады, өйткені лексикон сөйлесімді қабылдау барысындағы хабарды өңдеуді және оның бір кодтан екіншісіне ауысуын қамтамасыз етеді. Оператор мен буфер де қысқа мерзімде жұмыс істей отырып, жады арқылы сақталған мәліметті ұзақ уақыт ұмытпау қабілетіне ие болады. Кез келген жағдайды түсініп бағалай білу қасиеті оны өткен тәжірибемен салыстыру арқылы, яғни жадыда орныққан мәліметтерді жандандырудың көмегімен жүзеге асатындықтан, А. Р. Лурия: “Жады арқылы біз өткен тәжірибенің ізімен жаңа құбылыстарды сақтауға, керек кезінде қайта жаңғыртуға және адамға әсер етуден қалған сигналдар жүйесіне көңіл бөлуге мүмкіндік аламыз” [2; 7] деп есептеді. Демек, жады негізінде адамның сақтау қабілеті іске асатындықтан, оның табиғатын анықтау мақсатында ғалымдар екі түрлі көзқарасты қолдап келеді. Біріншіден, жады қызметі мидың жоғарыда келтірілген қабылдау, сақтау, әртүрлі әсерлер мен сезімдерді қайталау

әрекеттерімен тығыз байланысты болса; екіншіден, жады негізінде бейнелерді салыстыратын, нақтылау арқылы қабылдайтын қасиеттер шоғырланатыны анықталды [3; 351]. Аталған екі тұжырым да жадының кез келген ақпаратты есте сақтар және қажет кезінде сыртқа шығарар қызметіне негізделіп жасалған. Осыған орай, В. Н. Крысько жадының негізгі түрлерін сипаттайтын ерекшеліктер қатарында келесі мәселелерге назар аударды:

- көріп бейнелеуге негізделетін жады әрекеті; олар: адамның көру, есту, иіс сезу қабілеттері;
- сөзді-логикалық жады қызметі; ол баяндау мазмұны мен логикасынан бастау алады;
- адамның қимыл-әрекетіне негізделетін жадының қызметі;
- эмоционалды жадының өзгешелігі немесе адамның көңіл-күйі мен ішкі толқуларын сипаттайтын өзгешеліктер жігі [4; 88].

Осы қатарда тіл мен оның қорын да танымдық жады қызметінің нәтижесі деп бағалау аса маңызды. Қазақ тіл білімінің қазіргі даму сипатын жан-жақты айқындау тіл ғылымын жаңа ізденістермен, теориялық ілімдермен, қайталанбас идеялық мазмұнмен толықтырған ғалымдардың еңбектері арқасында мүмкін болып отыр. “...этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып білудің өлшемі де – сол тіл т.т. Осының бәрі “тіл әлемінен” табылады. “Адамтану”, “Қоғамтану”, “Табиғаттану” деп аталатын ғылыми салалардың қалыптасуына негіз болатын да, біле білсек, осы “тіл әлемі” [5; 11] деген Ә. Қайдар пікірі соған дәлел. Тілдің қоғамдық функциясына жете назар аударып, оның заман талабына сай жаңа әлеуметтік уәкілеттілікпен қамтамасыз етілу қажеттігін негізге алған Ә. Қайдардың “Языковое строительство в Казахстане и развитие национальных языков” [1972], “Қостілділікті ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселелері жайында” [1979], “Саяхатшы сөз” [1984], “Терминология көкжиегі” [1984], “Тіл байлығы – рухани қазына” [1991], “Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас” [1993], “Халық та, тіл де мәңгілікті қалайды” [1996] және т.б. ғылыми мақалалары мен зерттеулері Қазақстандағы тілдік жағдай мен тілдік реформаларға етене араласуынан дүниеге келген. Тіл мен қоғам ұғымдарының тығыз байланыста дамып отыратындығына жете мән берген ғалым тілдің әлеуметтік сипатын оның тарихи қалыптасуымен, әртүрлі қоғамдық формациялардан өту ерекшелігімен сабақтастырған, осыған орай, тілдер байланысын немесе “тілара контакт» мәселелерін Ә. Қайдар жалпы генезис проблемаларымен ұштастыра зерттеу керектігін өзектеген. Тілші кез келген ассимиляция процесіне не болмаса қарым-қатынас нәтижелеріне « бір жақты, бір бағытта ғана болатын» емес, “екі жаққа бірдей ықпал жасайтын” өзгерістер деп қарау қажеттігін дәлелдейді. Автор тілімізде кездесетін кірме сөздердің шығу тегі мен ауысу себебіне, табиғи өзгешелігіне тоқтала отырып, тілдің қоғамдық кеңістікте өмір сүру принциптерін түсіндіреді. “Түркі тілдерінің ішінде өзінің тұтастығын, монолиттігін, тазалығын, өзіне тән ұлттық ерекшелігін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан қазақ тілінің лексикалық байлығында да шет тіл элементтері көптеп кездеседі” [5; 55] дей келе, тілші қазақ тіліндегі араб-парсы сөздеріне, қазақ-монғол, қазақ-орыс тілдерінің қарым-қатынасына талдау жасайды, сол арқылы тіл-тілде орын алған гомогенді ұқсастықтарға яки гетерогенді айырмашылықтарға сипаттама береді. Айталық, қазақ-орыс тілдеріндегі айтылуы мен мағынасы бір-біріне ұқсас болып келетін бірліктер қатарында автор “бұр – бурить, шап беру – цапать, тасу – таскать, жұму – сжимать, талқанда – толочь...” сынды сөздерді атайды. Бұл тілдік ұқсастықтардың себебін ғалым адамның универсалды дамуынан, жан-жағын танудағы ұқсас әрекетінен әрі “ұлттық сана, ой-өрісінің кеңеюіне қажетті шарттардың бірі – алыс-жақын, көршілес елдермен жіті араласу, рухани-мәдени алмасу” [6; 4] салдарынан өрбіте түсіндіреді.

## Нәтижелер

Лингвистикалық тұжырымдамалардың аса құнды желісін ғалымның тарихи және тарихи-салыстырмалы зерттеулері құрайды. Тарихи жады мен тілдік бірліктердің түптөркінін, алғашқы түркілік элементтердің рухани болмыс-бітімін, ұлттық танымның негізін сұрыптаған еңбектерге ғалымның “Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы” [1969], “Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері” [1988], “Структура односложных корней и основ в казахском языке” [1986], “Қаңлы: тарихи шежіре” [2004], “Халық даналығы. (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)” [2004] сияқты жұмыстарын жатқызуға болады. Тіл білімінің тарихпен байланысын тілші халықтың ұлттық қалыптасуымен, мәдени өркендеуімен, әлеуметтік саралануымен, уақытпен қалыптасқан жадының маңызды қызметімен ажырамас бірлікте қарастырды. Сол себепті Ә. Қайдар еңбектерінде тілдің лексикалық жүйесі де, морфологиялық құрылымы да, синтаксистік қызметі де – бәрі ұлттық сананың дамуымен қатарласа, қоғамдағы базис, қондырма ұғымдарымен сабақтаса, кешегі мен бүгінін тоғыстыра анықталады. “...тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді” [5; 50] деп автордың өзі атап көрсеткендей, тіл ғылымының тарихи аспектісі бүкіл этникалық сұрыпталудың экстралингвистикалық болмысын дәйектеуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, кез келген тілді оның тарихымен, халықтық сипатымен, өсу-өркендеу жолымен айқындау қажеттігін ғалым өз зерттеулерінің негізгі нысаны етеді. Тілдің номинативті мағынаны білдіретін лексикалық бірліктерден құралатынын басшылыққа ала отырып, тілші сөз төркінін гомо- және гетерогенді фактілерге сүйене талдады. Ғалымның ғылыми-теориялық қорытындылары, тілтанымдық зерттеулері қазақ тілінің мәртебесін көтерер, әлемдік деңгейдегі өзіндік лингвистикалық мектебінің мақсат-міндеттерін айқындар, азаматтық-рухани болмыстың ұлттық парызбен сабақтасатын ерекшеліктерін дәлелдейтін құнды еңбектер қатарын құраумен бірге, “тарихи танымды” сөз етуге, оны “ұлағатты да, күрделі де, жауапты, жадыгерлік ұғым” [7; 4] ретінде бағалауға, сол арқылы тілтанымдық жадының ерекшелігін талдауға мүмкіндік беретін терең пәлсапалы ізденістер болып табылады.

### Талқылау

“Әрбір халық өзін-өзі дана санайды. Бұл – заңды да түсінікті құбылыс. Өйткені, этностың халық болып қалыптасуының өзі дамудың барлық деңгейінен өтіп, санасы өсіп, дүниетанымы кеңейіп, рухани марқаюына, даналар мен білікті-білгірлердің талғам-танымна, ой-өрісіне, даналығына тікелей байланысты” [6; 4] деген тұжырым арқылы тілші барша халықтардың этникалық ерекшеліктерін тоғыстыра отырып, қазақ тіл білімінде, шын мәнінде, ұлттық әрі әлеуметтік танымның тілдік негіздерін дәйектеді. Зерттеулерін “таным”, “көзқарас”, “қор”, “сана”, “дүниетану”, “жады”, “зерде” ұғымдарымен байланыстыра айғақтаған Ә. Қайдар қазақ лингвистикасын жаңа логика-философиялық арнаға бағыттаумен қатар, тіл ғылымында ерекше танымдық үрдістің негізделіп орнығуына тікелей әсер етті. “Халық даналығының» түп мақсаты – зердемізді ашып, ұлттық санамызды саралау, ментальдық қасиетіміз бен гасырлық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды терең біліп, дүниетанымызды кеңейте түсу” [6; 5] болып табылатындықтан, авторлық ізденістердің маңызды бөлігін мақал-мәтелдер табиғатын зерделеу, оның шығу тарихын анықтау, сол арқылы халықтық танымның құрамды бөліктерін сұрыптау, олардың “даналық қорға”, ұрпақтан ұрпаққа жетер “бай қазынаға”, “рухани мирасқа” айналу жолдарын айқындау мәселелері құрады. Ғалым оларды “өзінің түп негізіне жеке бастың рухани табысы, әр замандағы даналардың қоғамдық өмірге деген көзқарасы, өзіндік таным” [6; 4] деп сипаттай келе, тіл мен тілдік деректердің қалыптасуындағы “адам факторын” [6; 41] өзектеді. Сөйтіп, адамға тән танымдық,

талғамдық қасиеттерді этникалық жады мен қоғамдық дамудың қайнар көзі, сарқылмас бастауы деп бағалады.

Ә. Қайдар қазақ тіл біліміндегі танымдық бағыттың маңыздылығына мән бере келе, когнитивті ұғымдардың өзгеше сабақтастығына негізделген пікірлер тізбегін ұсынды. Айталық, мақал-мәтелдердің пайда болу себептері қатарында “саналы қауымның өзі өмір сүрген табиғи ортаны, табиғат құбылыстарын танып білу” [6; 6] мүмкіндіктерін қарастырған тілші “елдің жадысы”, “қоғам жадысы”, “халық жадысы” сияқты тіркестерді пайдалану арқылы этнотанымдық феномен табиғатын дәйектеді, соның негізінде тілдің өзге қызметтері қатарында оның “кумулятивті функциясын” [6; 14] осы сирек кездесетін құбылыстан, оның жүзеге асу заңдылықтарынан туындайтын өзгешелік деп анықтады. Нәтижесінде тілтанымдық зерделеудің келесі сатысы “қор”, “қордаланған жиынтық”, яғни “ұлт тарихы мен менталитетіне, сана-сезіміне, өзіндік болмысына қажетті рухани құндылықтарын өз бойында сақтап, келесі ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын қасиеті” сараланды. Ол жадыда сақталатын деректер мен мәліметтердің жиынтығын құраумен шектеліп қана қоймайды, соған қоса адам механизмінде жүзеге асатын түрлі құрылғылар мен тетіктердің автоматты әрекеттерін реттеуге әрі аса маңызды рухани міндеттерді шешуге ат салысты. Тілдік жады қызметінің нәтижесінде білім мен тәжірибе арқылы жиналған қор адамдардың “өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сна, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға”, “есте жоқ ескі замандардың сарынын аңғарып, тарихи дәуірлердің дүбірін сезінуге” [6; 23-24], “болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдар айтуға...”, “...адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықты бағалауға” [6; 31] көмектеседі деп есептелді. Осы орайда тілші “даналық қорды” екі жақты процестердің “ұйытқысы” деп айқындады. Оның бірін “көненің көзіндей болған...ескі дүние” құраса, екіншісіне “замана талабына сай жаңғыратын, жаңа ұғым-түсініктермен толығатын” жаңару процесі жатқызылды.

“Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – “тіл әлемін” этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес” [5; 11] деген Ә. Қайдар сөзіне жүгінер болсақ, тіл, шын мәнінде, барша адамзат атаулының маңызды қарым-қатынас құралы, ұлттық табиғатын, өсу-өркендеу жолын танытушы құндылығы. Қазақ тіл білімінде алғаш рет “этностық таным” мәселесін көтере отырып, ғалым халық пен тіл ұғымдарының ортақ мүддесін “этностың шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын (яғни рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тіршілік-тірлік көздерін, ұлттық дүниетаным мен металитетін т.б.) паш ете” [5; 10] білумен сабақтастырды. Тілдік зерттеулерін “тілтанудың” [5; 117] ғылыми-теориялық сипатын анықтауға бағыттаған ғалым халықтың “тұтас бейнесін” “тіл қазынасы” [5; 11] арқылы сомдау қажеттігіне ерекше назар аударды. Автор “этнос болмысын” әрі “этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық” тұрғысынан, әрі оның “өмір-тіршілігінің айнасы... тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы” деп қарастырды, сол арқылы халық ұғымын таным, қазына, қор, жады сияқты когнитивтік терминдер көмегімен түсіндіре келе, тілдік талдауларына образды суреттемелерді, танымдық ұстанымдарды, экстралингвистикалық уәждерді арқау етті. Ә. Қайдар қабылдауындағы “тіл әлемі” – бұл “этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктер жиынтығы, синтезі”, сондықтан оны ғалым глоттогенез бен этногенез [5; 51] мәселелерін шешуге көмектесетін “этностың өзін танып-білуінің қайнар көзі” деп ұғынды.

Халық тілін анықтау, оның қоршаған әлеммен сабақтастығын саралау, соның негізінде танымдық қордың тілдік табиғатын жүйелеу “этнос болмысының” құрамды бөліктерін кең көлемде зерттеуге мүмкіндік беретіні даусыз, өйткені “әрбір халықтың

болмысы мен дүниетанымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болсын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады” [5; 140]. Тіл мен халық ұғымдарының арақатынасын танымдық ұстанымдарға сүйене байланыстырған ғалым “тіл әлемінің” құдыретін алдымен “сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың” [5; 50] тыныс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен, салт-санасымен сабақтастыра дәйектеді, сол себепті “этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы дағ жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлықтағы құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзі көрсететін айна іспеттес” [5; 11] деген қағиданы ұстанды.

Әр ұрпақ өзіне жеткен мұраны толықтырып, нығайту негізінде тілдің уақыт пен заман талабына сай келетін қоғам, ғылым, мәдениет, өндіріс қажеттіліктерін өтер қабілетін де назардан тыс қалдырмайтындықтан, ғалымдар тілді қоғамдық құбылыс ретінде, ал тіл білімін қоғамдық ғылым ретінде қарастыру керектігін дәлелдей түсті. “Қазір ақпараттар заманы, ақпараттық қоғам өмірде жаңа үрдістерге жол ашты, шешендіктің жаңа түрін туғызды. Қазіргі шешендіктің басты міндеті – ұлттың рухани мәдениетін бойына сіңірген, қоғамдағы өзгерістерді ақыл-ой зердесінен өткізіп, ой қорытындысын жасай білетін, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, көпшілік алдына шығып шешіліп сөйлеп, өз пікірін саналы қорғай алатын, жұртшылыққа ой тастап, іске жұмылдыра алатын қабілетті адамдарды қалыптастыру” [8; 4] болып табылатындықтан, тілдің қоғамдық-әлеуметтік принциптерін анықтау, адам ойының әрекеті, үздіксіз тануы мен пайымдауының келбеті іспеттес психофизиологиялық, пәлсапалық өлшемдерін қалыптастыру қазіргі лингвистикалық ізденістердің өзгеше лебін құрау үстінде, сондықтан адам мен қоғам ұғымдарынан туындайтын, олардың өмір сүру, әрекет ету тәсілі болып табылатын тіл лингвистердің еңбектерінде, ең алдымен, қоғамдық фактор ретінде және оның маңызды құрамды бөлшегі есебінде әрі халықтық танымның ажырамас белгісі ретінде пайымдалып талданды. Сөйтіп, дәстүрлі жолдың жалғасын құраған бұл зерттеулер заман талабына сай жаңарып та, жаңғырып та отырғандықтан, маңызды да өзекті тұжырымдамаларды таза когнитивті түйіндерден гөрі, тілтанымдық “этюдтер” қатарында зерделеген дұрыс деп қорытындыладық, өйткені ғалым Ә.Қайдардың айтуына қарағанда, “эюд” дегеніміздің өзі “түсініктемелер, анықтамалар, мағлұматтар, топшылаулар” [5; 27] тізбегі болып табылады. Осы бағытта қазақ лингвистикасындағы тілтанымдық үдерістің айқын айғағын құраған маңызды шарттардың бірі – мәдениет константтарының, символдық ұғымдардың тілдік талдауларға қатысуы. Бұл ретте ғалым Ә. Қайдардың тарих пен таным негіздерін сабақтастырған “Қаңлы” зерттеуіне мән берген орынды. Қазақ халқының этнотанымдық, ұлттық-мәдени, әлеуметтік, психологиялық өзгешеліктерін қатар талдауына арқау еткен бұл ғылыми жұмыстың, біріншіден, тілтанымның халықтық негіздерін сипттауда орны ерекше болса; екіншіден, мәдени бірліктердің ұлттық табиғатын зерделеуде де атқарар қызметі айрықша. Тілші тарихтану мен мәдениет константтарын байланыстыра отырып, ру-тайпалық қалыптасудың, халықтық дәстүрдің, ұлттық өркендеудің, мәдени өрлеудің сатылы көрсеткіштерін тарту етті. Айталық, “Рәміздер деп отырғанымыз – түркі, моңғол т.б. алтай тобына жататын көшпелі тайпалар мен ұлыстардың тұрмыс-салтында сонау көне замандардан бері келе жатқан, о баста көшпелі елдердің мал шаруашылығына қатысты меншіктілікке, одан дамып, аталық рулық, тайпалық ұлыстық жіктелуге байланысты пайда болған сол меншіктілік пен өзара жіктелуді тұрақты түрде айқындап, айыру үшін зеректікпен ойлап табылған символдық белгілер” [7; 128] деп атап көрсете келе, Ә. Қайдар ұлттық-мәдени белгілердің тұрмыс-салт дәстүрімен, халықтық сананың тарихи қалыптасуымен әрі танымдық қабылдаудың әлеуметтік- кәсіби ерекшеліктерге ұласу сипатымен байланысқан табиғатын тілтанымдық факторлардың маңызды бөлігі ретінде талдап айқындайды. Автор ұранды сөздер мен рулық-тайпалық символдардың,

таңбалардың алғаш пайда болуын қоршаған дүние заңдылықтарымен, этнотанымдық мүдделермен, олардың жүзеге асу қағидаттарымен сабақтастырады. “Ру-тайпа, ұлыстар арасында болып тұратын ұрыс-керіс, не жаугершілік кезінде ата-баба аруағын шақырып, ер намысын қоздырып, жұртты ру-тайпа мүддесіне жұмылдыру үшін қолданылған ұранды сөздер пайда болған...” [7; 128]. Демек, сөз күдіретін жоғары бағалаған қазақ халқының зерде-пайымы қоғамдық қалыптасудың нормаларымен қатар, оның мифотанымдық үдеріспен ұштасу негіздеріне, әлемді өзінше тану ұстанымдарына және олардың жадыда сақталар мән-мағынасына зейін қою, ойлау, бейнелеу, балау әрекеттеріне байланысты дамып жетіліп отырды.

### **Қорытынды**

Тілдік қордың толығу жолдарын құрайтын мәселелер қатарында қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары, түркітанудың беделді тұлғалары сөз мағынасының дамуына, кірме сөздер табиғатына, деривациялық амалдарға, қосымшалар қызметіне ден қойып келеді. Қазақ тіл білімінде синкретизмнің, XIII-XIV ғасырлардағы ескі қыпшақ ескерткіштері тілінің сөздік құрамының, XI-XV ғасырлардағы ескерткіштер тілінің, тарихи грамматика негіздерінің, сөз этимологиясының, түбір морфемалардың, жалпы түркітану мәселелерінің қалыптасып, өзектелуі М. Томанов, Қ. Өмірәлиев, Ә. Құрышжанов, Ә. Қайдар, Ә. Ибатов және т.б. көрнекті ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Бүгінгі күні аталмыш проблема “аффикстердің эволюциясы”, “семантикалық деривация” секілді өзге де ұғымдардың кең көлемде зерттелуімен сипатталады. Лингвистикалық уәждермен қатар, “көптеген ішкі-сыртқы әсерлерге” [9; 19] назар аударған зерттеушілер “Сөздің білдіретін мағынасының өзгеруінің басты себебі – экстралингвистикалық факторлар” [10; 17] екенін қолдай отырып, сөздік құрамның дамуын “сөз бен мағына бірлігінің гносеологиялық, семиотикалық және семантикалық аспектілерімен” [10; 17] байланыстырды. Осыған орай, тілдік құралдардың құрамдық бірліктерін тарихи таным негіздеріне арқау еткен тілшілер тілдік жады арқылы өзектелетін маңызды тілтанымдық арнаның негізін қалады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Леонтьев А. А. Психолингвистические единицы и порождение речевого высказывания. – М.: « Наука», 1969. – 307 с.
2. Лурия А. Р. Основные явления и виды памяти (Курс общей психологии, лекция 29-ая). – М., 1964.
3. Гальперин П. Я. Лекции по психологии. – М.: КДУ, 2005. – 400с.
4. Крысько В. Г. Психология и педагогика: курс лекций. – М.: Издательство Омега – Л., 2006. – 368с.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: « Ана тілі», 1998. – 304 б.
6. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т., 2004. – 560 б.
7. Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: « Дайк-Пресс», 2004. – 610 б.
8. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. // Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диисертация авторефераты. – Алматы, 2004. – 53 б.
9. Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: « Ғылым», 2002. – 303 б.
10. Жалмаханов Ш. Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы: Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 212 б.

**Автор туралы:**

*Оразалиева Эльмира Нурлановна* – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Назарбаев Университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, [elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz](mailto:elmira.orazaliyeva@nu.edu.kz)